


«Жаңа-Теріс» бөбекжай-бақша
менгерушісі: *Б.Раздыкова* **Б.Раздыкова**

«08» шілде 2025 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің
атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы
ауданының білім бөлімінің “Жаңа-Теріс” бөбекжай-бақшасы**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы: Комиссия 2025 жылғы 26 мамырдағы №19 бұйрыққа сәйкес құрылды.

Комиссия төрайымы

Сыдықова Маржанкул Молдабайқызы – мектепке дейінгі ұйымның әдіскері,
жұмыс тобының төрайымы;

Комиссия мүшелері

Нұрымбетова Нургул Адилхановна – кәсіподақ төрайымы;
Журтбаева Айгуль Нуралиевна – есепші;

Раймбаев Жарқынбек Елубаевич- шаруашылық меңгерушісі;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең 2024 жыл және 2025 жыл қаңтар- маусым аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу мерзімі 2025 жылдың 26 мамыр мен 08 шілде аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізуге жауапты Сыдықова Маржанкул Молдабайқызы

1. «Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау»
Персоналды басқару бағыты бойынша 2024жылдың қыркүйек айында бекітілген штат кестесі бойынша штат саны 16,95 бірлікті құрайды.

Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды рәсімдеу еңбек заңнамасына, мектепке дейінгі ұйым жарғылық ережесіне, лауазымдық нұсқаулықтар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

2024 жылы жұмысқа қабылданған және жұмыстан шығарылған қызметкерлер тізімі 1- кестеде көрсетілді.

1-Кесте

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Жұмысқа қабылданған күн	Жұмыстан шығарылған күн
1	Сыдықова Маржанкул Молдабайқызы	27.08.2025ж	

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша мектепке дейінгі ұйым 2 (екі) мемлекеттік қызметтерді көрсетеді.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығына сәйкес Білім беру саласындағы уәкілетті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін

1) білім беру ұйымдарында: "педагог-модератор";

2) ауданның (қаланың), облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органында: "педагог-сарапшы", "үшінші санаттағы басшының орынбасары", "екінші санаттағы басшының орынбасары", "үшінші санаттағы басшы", "екінші санаттағы басшы";

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында:

"педагог-зерттеуші", "бірінші санаттағы басшының орынбасары", "бірінші санаттағы басшы";

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) үшін: "педагог-сарапшы", "үшінші санаттағы басшының орынбасары", "екінші санаттағы басшының орынбасары", "үшінші санаттағы басшы", "екінші санаттағы басшы";

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан:

"педагог-шебер";

білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), ведомстволық салалық мемлекеттік органның бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін: "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "үшінші санаттағы басшының орынбасары", "екінші санаттағы басшының орынбасары", "бірінші санаттағы басшының орынбасары", "үшінші санаттағы басшы", "екінші санаттағы басшы", "бірінші санаттағы басшы"

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің “Жаңа-Теріс” бөбекжай-бақшасы коммуналдық қазыналық кәсіпорында құрылған педагогтарды аттестаттау жөніндегі комиссия отырысының шешіміне сәйкес тәрбиеші Ашықбаева Гүлмирам кезекті аттестаттауға және біліктілік санатын бері (растау) рәсіміне қатысуға берген өтініші бойынша берілген біліктілік санатына сәйкес келеді деген шешім шығарылуына байланысты 2024 жылдың 02 қыркүйегінен бастап «педагог-сарапшы» біліктілік санаты берілді.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарға (бұдан әрі-МДҰ) құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 31 мамырдағы № 133 бұйрығына сәйкес Қағидалар түріне, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою, мектепке дейінгі ұйымдарға (бұдан әрі - МДҰ) құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау тәртібін айқындайды. "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – кезекке қою жөніндегі мемлекеттік қызмет) республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Кезекке қою жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ата-ана немесе баланың заңды өкілі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) немесе ақпараттандыру объектілері арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш, сондай-ақ 2-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Балабақшада тәрбиеленіп жатқан тәрбиелерушілер жас ерекшеліктеріне сай екі (2) топта орналасқан.

Кіші «Балапан» тобында (2 жастағы балалар) - 20 тәрбиеленуші

Ересек «Қарлығаш» тобында (4 жастағы балалар)-25 тәрбиеленуші

2024 жылыдың қаңтар-желтоқсан аралығында балабақшаның жарғысының 6- тарауына және ата-ананың өтініштеріне сәйкес 23 (жиырма үш) тәрбиеленуші , 2025 жылы қаңтар -маусым аралығында 22(жиырма екі) тәрбиеленуші шығарылды.

Nobd.edu.kz - “Ұлттық білім беру деректор қоры ” ақпараттық жүйесі арқылы 9 (тоғыз) бала, Balabaqsha-Smart Nation мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірыңғай портал арқылы 11 (он бір) бала ата-аналарының өтініштеріне байланысты жолдамалар алынды.

4 “Рұқсат беру функцияларын іске асыру”

Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша 2014жылғы 16 мамырдағы №202-VҚазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйым жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және осы Заңда көзделген басқа да тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізуге және іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттемейді.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

5. “Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру”

Мектепке дейінгі ұйым бақылау-тексеру функцияларын іске асырмайды.Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

6. “Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу”

2024 жылғы қаңтар айынан 31 желтоқсанына дейін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 21 келісім шарттар жасалған, оның ішінде баға ұсыныныстарын сұрату тәсілімен – 7; мемлекеттік сатып алу өткізілген,; өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 5; тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу бойынша – 9 сатып алулар өткізілді (Мемлекеттік сатып алудың 39-бабының 3-тармағының 1, 36-

тармақшаларына сәйкес су, отын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Мемлекеттік басқару Академиясы» және тағы басқа қызметтер).

"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің "Жаңа-Теріс" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында қызмет атқаратын қызметтік бөлме тазалаушы Н.Нуралиеваға 2024 жылы қараша айында айлық жалақысына 70000 тенге артығымен төленіп кемшілікке жол берілгендігі анықталды.

2025 жылдың 1 қаңтардан 25 маусымына дейін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 12 келісім шарт жасалған, оның ішінде: баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 4; өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 4; тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу бойынша – 4 сатып алулар өткізілген (Мемлекеттік сатып алудың 16-бабының 3-тармағының 1,25,28-тармақшаларына сәйкес су, отын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Мемлекеттік басқару Академиясы» және тағы басқа қызметтер).

7. “Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу ”

Жеке тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша “Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қарашадағы №611 бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтарымен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттей отырып 2024 жылғы 20 (жиырма) тәрбиеленушінің ата-аналарымен шарт жасалды.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

8. “Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану”

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу бағыты бойынша мектепке дейінгі ұйым ақпараттық жүйелерді әзірлемейді.

Ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша мектепке дейінгі ұйым “Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы

№503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және “Ұлттық білім беру деректер қоры” ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №354 бұйрығына сәйкес “Ұлттық білім беру деректер қоры” ақпараттық жүйесінің “Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамаларды берудің, кезектілік пен есепке алудың бірыңғай базасы” арқылы “Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою” және “Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау” мемлекеттік қызметтері бойынша ҰБҚ және мемлекеттік органдармен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілерінің өзара әрекеттесу тәртібі Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңының 5 бабының 10-1 тармақшасына сәйкес әзірленген және “Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою” және “Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау” мемлекеттік қызметтерін көрсету кезінде ақпараттық жүйелердің өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді. яғни, pobd.edu.kz- “Ұлттық білім беру деректер қоры” ақпараттық жүйесін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу-goszakup.gov.kz порталын;

Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы “Е-otinish” ақпараттық жүйесін;

Enbek.kz-Электрондық еңбек биржасы жұмыс іздеу және қызметкерлерді іріктеуге жәрдемдесу үшін мүмкіндіктерді ұсынатын жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаңын;

Balabaqsha-Smart Nation -мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірыңғай портал мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы қол жетімді тізілімі және мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесін;

Мемлекеттік мүлік тізілімі E-QAZYNA.KZ активтерді басқарудың цифрлық платформасы gosreestr.kz;

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы stat.gov.kz;

Республикалының Қаржы министірлігі salyk.kz kgd.gov.kz порталдарын;

Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан, Электронды шот-фактуралар ақпараттық жүйесі, Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі esf.gov.kz;

Egov.kz -Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат партолын тұрақты және жүйелі түрде пайдаланады.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.


9.Талдау объектісінің ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

“Мектепке дейінгі ұйымда талдау жүргізу барысында ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер анықталмады.”


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі жұмыстардың мерзімі аяқталғаннан кейінгі анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептермен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды қамтитын талдамалық анықтама жасалды.

Талдамалық анықтама комиссия мүшелерімен келісілді:


Сыдықова Маржанкул Молдабайқызы



Нұрымбетова Нургул Адилхановна



Журтбаева Айгуль Нуралиевна



Раймбаев Жарқынбек Елубаевич

